

**03.00.07-микробиология мамандығы бойынша  
қауымдастырылған профессор ғылыми атағын ізденуші  
Татьяна Владимировна Мека-Меченко туралы  
АНЫҚТАМА**

1	Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Мека-Меченко Татьяна Владимировна
2	Ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі, берілген уақыты	03.00.07-микробиология мамандығы бойынша медицина ғылымдарының докторы берілген күні 13.07.2011 ж.
3	Ғылыми атақ, берілген уақыты	-
4	Құрметті атақ, берілген уақыты	-
5	Лауазымы (лауазымға тағайындалу туралы бұйрық мерзімі және нөмірі)	1977 жылдан 1993 жылға дейін денсаулық сақтау жүйесінің практикалық саласында қызмет атқарды: 1979 жылға дейін Қызылорда облыстық ауруханасында жұмыс істеді. Содан кейін Арал теңізі және Қызылорда обаға қарсы күрес станцияларда жұмыс істеді. Қазақ обаға қарсы ғылыми-зерттеу институтына 14.01.1993 ж. № 7 бұйрыққа сәйкес, конкурс бойынша сайланумен оба микробиологиясы зертханасына кіші ғылыми қызметкер лауазымына қабылданды. 1997 ж. кандидаттық диссертациясын қорғағаннан кейін, 14.12.1997 жылғы № 140 бұйрыққа сәйкес, кейіннен конкурс бойынша сайлана отырып, оба микробиологиясы зертханасының аға ғылыми қызметкерінің м.а. лауазымында қызмет атқарды. 24.05.1999 ж. № 39 – л бұйрығымен зооноздық инфекциялар бөлімінің бастығы болды. 06.10.1999ж. 3 112 бұйрығымен, табиғи-ошақты зооноздар зертханасы меңгерушісінің міндеттерін жүктей отырып, зооноздық инфекциялар бөлімінің бастығы болды. 2011 жылы докторлық диссертацияны қорғағаннан кейін, 10.03.2011ж. № 200/л бұйрығымен, табиғи-ошақты

		инфекциялар зертханасы меңгерушісі болды. 06.06.2012 ж. № 55 бұйрығымен, бактериялық инфекциялардың табиғи-ошақты инфекциялар зертханасының бас ғылыми қызметкері болды. 02.12.2015 ж. № 142 бұйрығымен, оба микробиологиясы және эпидемиологиясы зертханасының бас ғылыми қызметкері болды. 18.12.2019 ж. № 175 бұйрығымен, оба зертханасының бас ғылыми қызметкері болды.
6	Ғылыми, ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі	Жалпы еңбек өтілі 45 жыл. Ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі - 29 жыл. Оның ішінде кіші ғылыми қызметкер лауазымында 4 жыл; аға ғылыми қызметкер - 2 жыл; бөлім бастығы, зертхана меңгерушісі - 12 жыл, бас ғылыми қызметкер - 11 жыл.
7	Диссертация қорғағаннан/қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алғаннан кейінгі ғылыми мақалалар, шығармашылық еңбектер саны	<b>Барлығы: 90</b> - уәкілетті орган ұсынған басылымдарда 37; - Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) (Web of Science Core Collection, Clarivate Analytics (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн, Кларивэйт Аналитикс) компаниялары базаларына кіретін ғылыми журналдарда - 4 - Scopus (Скопус) немесе JSTOR (ДЖЕЙСТОР) - 7. - шығармашылық жұмыстар - 17
8	Соңғы 5 жылда басылған монографиялар, оқулықтар, жеке жазылған оқу (оқу-әдістемелік) құралдар саны	3
9	Оның басшылығымен диссертация қорғаған және ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі, бар тұлғалар	
10	Оның жетекшілігімен даярланған республикалық, халықаралық, шетелдік конкурстардың, көрмелердің, фестивальдардың, сыйлықтардың, олимпиадалардың лауреаттары, жүлдегерлері	
11	Оның жетекшілігімен даярланған Дүниежүзілік универсиадалардың, Азия чемпионаттарының және Азия ойындарының чемпиондары, Еуропа, әлем және Олимпиада ойындарының чемпиондары немесе жүлдегерлері	

Ғылыми-техникалық тақырыптар тапсырмаларының жетекшісі және БҒМ гранттық жобасының жетекшісі болды.

300-ге жуық ғылыми мақалалардың, 7 монографияның, 11 әдістемелік ұсынымдар мен нұсқаулықтардың, 3 авторлық куәліктің және 3 патенттің авторы. Хируш индексі-5, 14 басылымның дәйексөзі - 104.

Аса қауіпті инфекциялар бойынша ҚР ДСМ бұйрықтарын әзірлеуге үлесін қосты.

Дәрігерлер мен биологтарды мамандандыру және жетілдіру курстарында дәріс және практикалық материалдан сабақ береді. Білім беру бағдарламаларын жасауға қатысқан. Республикалық және халықаралық тренингтерде дәріс оқиды.

«Профессорлар визитингі» бағдарламасы аясында, 2019 жылы Ақтөбе қ. Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медициналық университетінде б.ғ.қ. Мека-Меченко Т.В. 14 дәріс оқыды, зооноздар бойынша практикалық сабақтар өткізді. 96 адамның қатысуымен практикалық денсаулық сақтау дәрігерлеріне арналған семинар өткізілді.

"Микроб" Ресей обаға қарсы ғылыми-зерттеу институты Федералды қазыналық Денсаулық сақтау мекемесінің «Аса қауіпті инфекциялар мәселелері»; "Зертханалық Медицина" атты "Қазақстандық медициналық зертханалық диагностика қауымдастығы" қоғамдық бірлестігінің (КАМЛД); РФ "Бактериология" ғылыми-практикалық журналының редакциялық алқасының жұмысына қатысады.

2017 жылдан бастап "Қазақстандағы карантиндік және зооноздық инфекциялар" АҚИҰҒО журналының редакторы (2020 жылдан бастап журнал "Аса қауіпті инфекциялар және биологиялық қауіпсіздік" болып өзгертілді).

АҚШ-та екі рет АҚИ және басқа зооноздық инфекцияларды диагностикалаудың заманауи әдістері бойынша тренингтерден өтті. Халықаралық конференцияларға қатысқан (АҚШ, Англия, Германия, Франция, Польша, Германия, Финляндия, Дания), халықаралық ғылыми жобаларға қатысқан.

Молекулалық әдістерді, биологиялық қауіпсіздікті және т. б. оқыту бойынша сертификаттары бар.

Аса қауіпті инфекцияларды молекулярлық диагностикалау бойынша республикалық және халықаралық семинарларды ұйымдастырушы болған және өткізілуіне қатысқан.

Қазақстан Республикасы халқының денсаулығын сақтау ісіндегі ерекше еңбегі үшін "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісінің үздігі" белгісімен және еңбек ардагері медалімен марапатталған.

Орталық әкімшілігі мен ҚР ДСМ-нің алғыс хаттары мен грамоталарымен марапатталған.

**ҚР ДСМ «М. Айқымбаев атындағы аса қауіпті инфекциялар ұлттық ғылыми орталығы» ШЖҚ РМК ғылыми хатшысы**

**С.К. Умарова**